

Ажимгереева Алтынай Булатовнаның 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Ажимгереева Алтынай Булатовна Астана қаласындағы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректордың 2021 жылдың 27 №6 хаттама негізінде бұйрығына сәйкес 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға қабылданды.

2021 жылдың 28 тамызынан 2025 жылдың 30 маусымы аралығында 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып, білім беру бағдарламасының академиялық кредитін толық меңгерді.

А.Б. Ажимгереева «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының м.а. 2022 жылдың 30 қарашадағы №417-М/Д бұйрығымен бекітілген «Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын орындап шықты.

А.Б. Ажимгерееваның оқу жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 23 қаңтары мен 23 ақпаны аралығында Ресей Федерациясы, Томск қаласындағы Томск политехникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

А.Б. Ажимгерееваның диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы зор. Диссертациялық жұмыстың негізгі бағыты жоғары оқу орындарының тұрақтылығын, сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға негізделген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу.

Ізденуші А.Б. Ажимгереева диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған барлық міндеттерді толығымен орындауға қол жеткізе алды. Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ережелер толыққанды зерттеулермен және заманауи ғылыми әдебиеттермен негізделген. Автор тәуекел түрлерін, тәуекелдерді басқару әдістерін және тәуекелдерді сандық және сапалық талдауды жан-жақты әрі жүйелі түрде зерттеген. Зерттеу барысында теориялық әдістер (ғылыми әдебиеттерді, нормативтік актілер мен стандарттарды талдау және синтездеу, индукция және дедукция, халықаралық және ұлттық тәсілдерді салыстырмалы талдау), эмпирикалық әдістер (жоғары оқу орындарындағы тәуекелдер спектрін және олардың маңыздылығын анықтау үшін сауалнама, инциденттер туралы статистикалық деректерді жинау және өңдеу, университеттердің ішкі құжаттамасын талдау, сондай-ақ

аналитикалық және сандық әдістер («көбелек-галстук» әдісі, тәуекел дәрежесін есептеудің ықтималдық-статистикалық әдістері, тәуекел картасы) қолданылды. Ғылыми тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқарудың жүйесі әзірленіп, ғылыми негізделген. Зерттеу нәтижелері логикалық тұрғыдан тізбектелген, ғылыми тұжырымдар нақты және дәлелді.

Зерттеу қорытындылары Scopus дерекқорына кіретін жоғары рейтингті журналда жарияланған 1 мақала (CiteScore 2024 - 2,2; 51-процентиль), ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген 3 мақала, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған 4 мақала арқылы кеңінен таныстырылған. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері бойынша екі авторлық куәлік алынуы жұмыс жаңалығының ресми түрде танылғанын дәлелдейді. Жарияланымдар диссертацияда қорғалатын негізгі қағидаттарды толық қамтиды және зерттеу нәтижелерінің шынайылығын, сенімділігін әрі ғылыми құндылығын растайды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында А.Б. Ажимгерееваның ғылыми көзқарасы, талдау қабілеті және жауапкершілігі айқын көрінді. Ізденуші ғылыми әдебиеттермен жүйелі жұмыс істеп, алынған ақпаратты сараптай алды. Мақсат пен міндеттерді дұрыс қоя білуі және оларды нәтижелі орындауы зерттеушілік әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді.

Жоғарыда берілген міндеттерді ескере отырып, Ажимгереева Алтынай Булатовнаның диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі, ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді, ал ізденуші 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ажимгереева Алтынай Булатовнаның диссертациялық жұмысын толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс деп санаймын және оны диссертациялық кеңеске қорғауға «ұсынылсын» деген пікір білдіремін.

Отанық ғылыми кеңесші,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті,
Инжиниринг және азық-түлік
технологиялары институтының
PhD докторы



Алдабергенова С.С.